

ОТЫРАР кітапханасы

Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі



АЛАШТЫҢ АЛДАСПАНЫ БОЛҒАН МІРЖАҚЫП

/библиографиялық құрал/

Отырар 2025

АЛҒЫ СӨЗ

«Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» - деп, кең далада алаңсыз өмір сүріп, малын бағып, бейқам жүрген халқын оятып, оларды ілім-білімге шақырған тіл және ұлт жанашыры, қазақтың аса көрнекті ағартушысы, қоғам қайраткері, ақын, жазушы, жалынды көсемсөз шебері Міржақып Дулатұлының туғанына 140 жыл толуына орай осы библиографиялық көрсеткішті оқырман назарына ұсынамыз.

Міржақыптың балалық шағы


Міржақып Дулатұлы 1885 жылы 25 қарашада бұрынғы Торғай облысындағы Сарықопа болысында (қазіргі Қостанай облысының Жанкелді ауданына қарасты "Қызбел" ауылы) дүниеге келген. Әкесі — Дулат аты шыққан шебер, ал анасы — Дәмеш әншілікке бейім болған. Міржақып екі жаста анасынан айырылды. Әкесі балаларының үлкені Асқарды әуелі мұсылманша, одан кейін орысша оқытып, заң қызметіне бағыттады. Осы жолмен кіші ұлы Міржақыпты да оқуға береді.

Алғашқыда бала Міржақып ауыл молдасында оқыды. Бірақ екі жылдан кейін басқа мектепке ауысып кетті. Ол жайында өзі де жазған. "Жасым 8-ге келгенде әкем мені ауыл молдасына оқуға берген. Ол өте надан молда болатын. Қанша уақыт сол кісіден білім алғанымды білмеймін, бірақ араб тіліндегі дұғаларды жаттағанымнан басқа еш нәрсе үйренгенім жоқ", - деп жазды Дулатұлы.

Молдадан кейін Міржақып ауыл мектебінде орысша оқытатын Мұқан мұғалімнен дәріс алады. 12 жасында әкесінен айырылады. Ағасы Асқар әкесінің тілегін орындаймын деп, Міржақыпты ары қарай оқытады. Сөйтіп, інісін өзі оқыған екі кластық орыс-қазақ мектебіне береді. Міржақып Ыбырай Алтынсарин негізін салып кеткен мектепте бес жыл оқып, үздік бітіріп шығады.

"Осымен менің оқу орындарынан білім алуым аяқталды. 1902 жылдан бастап ауылда мұғалімдік қызметімді атқара жүріп, бос уақытымды білімді жетілдіруге жұмсадым", - деп еске алды Дулатұлы.

Жас мұғалім ел өміріне қалай араласты?



Солдан оңға қарай: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов.

Міржақып өз бетінше ізденіп, орыс тілін жетік меңгереді. Мұғалім болған алты жылдың ішінде оң мен солын танып, ұлт қамы үшін күресуге дайындалады. Ақындық талантын да осы жылдары таныта бастайды. Бұл кезең патша өкіметінің отаршылдықты қазақ даласында күрт күшейтіп, қалың елге тізесін қатты батырып тұрған шағы болатын. Бұл жағдай сол кездегі қазақтың көзі ашық, оқыған, зиялы азаматтарына қозғау салды.

Ұлт үшін қызмет көрсетудің үздік үлгісін көрсеткен арыстардың қатарында Міржақып Дулатұлы да болды. Ахмет Байтұрсынов ұйықтап жатқан елді оятамын деп, "Масасын" ұшырса, Міржақып Дулатұлы "Оян, қазақ!" деп ұран салды.

«1909 жылы Қазан қаласында Міржақыптың тұңғыш өлеңдер жинағы "Оян, қазақ!" деген атпен басылып шықты. Бұл кітап жұртшылық арасында ауыздан-ауызға, қолдан-қолға тез тарап кетеді. Жазушы сол үшін тергеу органдарының бақылауына алынды, ал "Оян, қазақ!" кәмпескеленді. Екі жылдан кейін осы жинақ қайтадан басылып шықты.



«Ақын-жазушы әр жерде шығатын қазақ басылымдарына, әсіресе "Айқап" журналына үзбей жазып тұрды. Ел тұрмысын өз көзімен көремін деп, қазақ ауылдарын аралайды. Семейде полицияның қолына түседі де, бір жарым жыл қамауда отырады.

«1912 жылы баспасөз қызметін жалғастырады. Ахмет Байтұрсынұлымен бірге қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш бейресми басылымы – "Қазақ" газетінің негізін қалайды. Ал 1922 жылы ешбір себепсіз абақтыға жабылады. Бірақ Семейден Орынборға жөнелтілген бойда қамаудан босатылады.

«1922–1926 жылдары Орынбордағы Қазақтың халыққа білім беру институтында (КИНО) оқытушы болып істейді. Екі бөлімнен тұратын "Есеп құралын" әзірлеп, Ташкент қаласында бастырып шығарады. "Балқия" атты төрт перделі пьеса жазады. 1924 жылы Орынборда екі жылдық "Қирағат кітабы" (хрестоматиялық оқулық), Қызылордада "Есеп құралының" жаңа басылымы жарық көрді.

Міржақыптың шығармашылығы

Міржақып Дулатұлының көптеген әңгімелері лақап аттармен шыққан. Оның жиі қолданған есімдері: Азамат, Мадияр, Таймінер, Түрік баласы және Арғын баласы.

Қаламгердің алғашқы кітабы "Оян, қазақ!" болса, бір жылдан кейін "Бақытсыз Жамал" романы жарыққа



шықты. 1913 жылы Орынборда "Азамат", ал 1915 жылы "Терме" атты өлеңдер жинағы басылды. Ақын өлеңдерінің басты тақырыбы—ел тағдыры. Сондай-ақ, Міржақып Дулатұлы ғылым және техника жетістіктері туралы зор қуанышпен жазатын.

Отбасы – ошақ қасы

1914 жылы 14 мамырда Міржақып Дулатұлы Омбы қаласында Ғайнижамал Баймұратқызымен отбасы құрды. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктері бойынша үйлену тойы Омбы қаласына жақын "Коломзино" станциясының мейрамханасында өтті. Тойдан кейін Дулатовтар бірден Орынбор қаласына аттанды.



1925-1928 жылдары Міржақып Дулатұлы ел астанасы - Қызылорда қаласында тұрған. Сол жерде бірнеше әдеби шығармасын жазды. Сол уақытта Міржақыптың үйіне қазақ зиялыларының белгілі өкілдері, ақындар, жазушылар, әртістер жиі келіп тұратын. Міржақып Дулатұлын қамауға алғаннан кейін көбісі хабарласпай кетті. Алайда Қаныш Имантайұлы қарым-қатынасын үзбеген.

Міржақып Дулатұлы жайлы қызықты деректер

- Міржақып Дулатұлы өткір тақырыптарға өте жылдам жазған. Елдің сұранысын жақсы білетін журналист болды. "Қазақ" газетінің сондай сапада, сондай мазмұнда, сондай биіктен көрінгені де содан;
- Міржақып Дулатұлы - Алашорда үкіметінің бағдарламасын жасағандардың бірі;
- Міржақып Дулатұлы - I Дүниежүзілік соғыста қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында қазақ тарихындағы ең алғашқы "Жанар" жәрдем қорын ұйымдастырғандардың бірі;
- Міржақып Дулатұлы 1921-1922 жылғы ашаршылық кезінде Алаш зиялылары аштыққа ұшырағандарға жылу жинап беруді қолға алғанда осы іске Жүсіпбек Аймауытовпен бірге бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жинап, ашыққан елге үлестірген;

- Міржақып Дулатұлы жазған "Бақытсыз Жамал" шығармасы қазақ әдебиетінде көркем прозалық үлгіде жазылған тұңғыш роман болып саналады.
- Міржақып Дулатұлы соңғы рет қамауға түскенде Мұстафа Шоқай Сосновец лагеріне Франциядан барған сауда кемесі арқылы оны алып кетпекші болған. Бірақ Міржақып жанұясының тағдырына алаңдап, қашудан бас тартты.

Түрме шығармашылықты шектей алмады

- 1928 жылы 28 желтоқсанда Міржақыпты тағы қамауға алды. Қызылорда түрмесінде көршілес камерада Жүсіпбек Аймауытұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы да отырған.
- 1929 жылы тергеу кезінде Міржақып Дулатұлы соңғы сөзін айтты: "Өз елімнің болашағы үшін мен барлық мүмкіншілікті қолдауым қажет. Егер де мен қателесем, елмен бірге қателесем. Ерте ме, кеш пе ақиқат үстем болып шығады", - деді ол.
- Дулатұлы өлім жазасына кесілді, бірақ оның өлім жазасын бас бостандықты 10 жылға айырумен алмастырды. Алдымен екі жыл бойы Бутыр түрмесінде отырды. Артынан Сосновец лагеріне айдалды.
- Лагерьде жүрсе де, шығармашылықтан қол үзбеді. Түркі-орыс сөздігін жазды. Міржақып осы оқу құралын мыңдаған қазақ, қырғыз және басқа түркі тілдес елдердің өкілдері үшін жазып берген. Арестанттар оны өз қолымен көшіріп жазып таратқан, өйткені олардың көбісі сол уақыттағы өмірлік маңызы бар орыс тілді білмеген.
- Міржақып Дулатұлы лагерьде қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығын да жазып шықты. Ал өзінің емшілік қасиеттерін көрген соң, аса табысты нәтижелермен қамалғандарды емдеді.
- 1935 жылы қазанның бесі Міржақып Дулатұлы лагерьдің орталық лазаретінде дүние салды.

Міржақыптың нақыл сөздері

Әркім өз қолынан келгенше жомарт;

Артықтан тағылым ал, кемге – үйрет;

Ағайын – арзан, пұл – қымбат;

Сот түзелмей – халық түзелмейді;

Алла жақын кеудеде оты барға;

Аршын жұтқан кісідей кекірейме;

Заң әдет-ғұрыпқа қайшы келсе – үлкен аяққа тар етік кигенмен бірдей;

Халық тағдыры – жауапты жұмыс;

Дос емес, дос сыртынан жамандаған;

Құл десең биді – күледі, Құл десең құлды – өледі;

Болғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұнайып.

Қазақтың рухын оятқан тұлға

/Әдеби кештің сценарий/

Мақсаты: Оқырмандарды Алаштың асыл азаматы - М.Дулатовтың өмірімен, шығармашылығымен таныстыру. Елінің патриоты болуға, халқын сүйуге тәрбиелеу. Оқырмандардың ойлау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын молайту.

1-жүргізуші

Алыстан Алаш десе аттанамын,
Қазақты қазақ десе мақтанамын.

Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ -

Мен неге, қазақтықтан сақтанамын?!- деп жырлаған «Алаш» қозғалысы көсемдерінің бірі, көрнекті қоғам қайраткері, жалынды ақын, жазушы Міржақып Дулатовтың ұлты үшін жасаған қызметтері, шығармашылығы бүгінгі қазақ әлеміне жақсы аян.

2-жүргізуші

Міржақып Дулатовтың өмірі шынайы патриот болуға, өз халқына адал және әділ қызмет етуге үйретеді. Міржақып өмірінен бейне роликті назарларыңызға ұсынамыз.

/Бейне ролик көрсетіледі/

1-жүргізуші

Осы орайда Міржақыптың өлеңдеріне кезек берейік.

1-оқырман:

Көзіңді аш, **оян қазақ**, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қарағым, енді жату жарамас-ты.
Найзаменен түртсе де,
Жатырсын,қазақ,оянбай.
Мұнша қалың ұйқыны
Бердің бізге,ой,Алла-ай!
Бар ма екен біздей ғафыл жұрт,
Атырафқа көз салсақ.
Көзі іскенше ұйқыға
Келе жатқан тоя алмай?
Етемін үміт жастардан,
Жаңа гүл шашқан бақшадай.
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жұртқа қақсамай?
Халыққа,жастар,басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терең судан өтер ме,
Мың қойды серке бастамай?

2-оқырман:

Көк майса бетегелі жерің қайда?
Күмістей толқындаған көлің қайда?
Ың-жың боп жер қайысқан төрт түлікпен,
Жөңкіліп, көшіп қонған елің қайда?
Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?
Қақ жарған қара қылды биің қайда?

3-оқырман:

Жатпалық, **жастар**, жатпалық,
Жасқанба, жолың ашылсын.
Бақшасында халықтың,
Бұлбұл боп тілің сайрасын.

Садақа басың жан пида,
Ең жаманы айдалсын.
Әр қамалға - бір зауал,
Болып бір заман айналсын.
Кешегі дұшман қаһарлы,
Ертең қор боп жай қалсын.
Ұраныңды шығармай,
Жас қазақтар, қайдасың?

1-жүргізуші:

Я, алла! Ғаламыңды жаратқаның,
Жүзіне махлұқтарды таратқаның,
Өндіріп бір адамнан мұнша халық,
Әлсізді күштілерге қаратқаның- деп жырлаған М. Дулатұлы туралы 3
қызықты дерекке назар аударыңыздар:

-Міржақып Дулатұлы өткір тақырыптарға өте жылдам жазған. Елдің сұранысын жақсы білетін журналист болды. "Қазақ" газетінің сондай сапада, сондай мазмұнда, сондай биіктен көрінгені де содан;
- Міржақып Дулатұлы - I Дүниежүзілік соғыста қырғынға ұшырап, босқынға айналған елге көмектесу мақсатында қазақ тарихындағы ең алғашқы "Жанар" жәрдем қорын ұйымдастырғандардың бірі;
-Міржақып Дулатұлы 1921-1922 жылғы ашаршылық кезінде Алаш зиялылары аштыққа ұшырағандарға жылу жинап беруді қолға алғанда осы іске Жүсіпбек Аймауытовпен бірге бірнеше айда 15 мың бас ірі қара жинап, ашыққан елге үлестірген.

1 –жүргізуші :

М.Дулатовтың бойындағы әрі ақындық, әрі жазушылық, әрі аудармашылық, әрі журналистік қабілеттері жайында ашу бір сағатта мүмкін емес, сондықтан біз бүгін ақындық, қоғам қайраткері ретінде бір қырынан көрсек, ендеше шағын қойылымды қабыл алыңыздар!

/Сахналық қойылым көрсетіледі/

Міржақып Дулатов кабинетінде телефонмен сөйлесіп отыр:

- Алло, сәлеметсіз бе? Ия, бұл мен – Міржақып Дулатов – «Қазақ» газетінің бас редакторының орынбасары, жауапты хатшы. Жарайды, күтемін, келсін.

Қызы Гүлнар мен досы Ахмет Байтұрсынұлы келеді. Қызы:

- Әке, кіруге бола ма?

- Кел, кел қызым! Неге кіруге болмасын? Оу, сен жалғыз емес екенсің ғой, Ахмет аға қош келдіңіз!

Ахмет Байтұрсынұлы:

-Ә, Міржақып, аманбысың? Қуанышыңа ортақпын. Уфа қаласында «Шарқ» баспасында «Оян, қазақ!» деген кітабың шығыпты. Сенің жалынды үнің, жігерлі сөзің мына халықты бір серпілтіп тастайтынына сенімдімін.

Міржақып:

- Ниетіңізге рахмет, аға бірақ мені толғандырып жүрген ойлармен өзіңізбен бөліссем деймін.

Ахмет:

- Айта бер, Міржақып.

Міржақып:

- Дүниеге қатынасып жүрген оқыған азаматтарымыз болмаса ,біздің қазақ халқы пайдалы мәселелерден бейхабар еді Себебі: дария қасында тамшы секілді оқығандарымыз аздықтан ,халқымыз бытырап жүргендіктен, заман ахуалынан хабар білерлік оқуға өз тілімізде газет жоқтықтан біздің халық дүние сарайының бір қараңғы түкпірінде ұйықтап ,ұмыт қалған секілді болып тұр.

Ахмет:

- Ойынды түсіндім, Міржақып. «Оян, қазақ!» бұл сенің бастамаң, сенің алдында үлкен асулар бар, әлі. Барлығы сені көріп, құттықтағысы келіп, шуласып жүр. Әне, көрмеймісің сенің болашағың, жастар келе жатыр.

Гүлнар Міржақыпқызы: - Әке мен де оқиыншы.

/ өлең оқылады/

Міржақып: - Жарайсыңдар, айналайындар. Сендер тұрғанда қазағымның болашағының баянды болатынына сенемін.

Осы кезде кабинетке 3 адам кіріп келеді:

- Бұл не той, не тойлап жатырмыз, құжаттарыңды көрсетіңдер, М.Дулатов, А.Байтұрсынов сендер ме?

- Біз.

- Екеуіңнің саяси көзқарастарың халықтың көзқарасына қарама-қайшы келеді. Сол себепті, ОГПУ коллегиясының үкімі бойынша тұтқындалдыңдар.

- Жібер, жіберіңдер, ағаны , оның не жазығы бар?

Міржақып:

«Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,

өткізбей қараңғыда бекер жасты!

Жер кетті, дін нашарлап, хал һәрам боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты».

- Жап аузыңды. (Алып кетеді).

Атылған оқтың дауысы естіледі.

- Жастар, қара хабар жетті, естідіңдер ме, Міржақып аға қайтыс болыпты.

- Не дейді?

Бәрі:

«Алаш» туы астында

Күн сөнгенше сөнбейміз,

Енді Алашты ешкімнің

Қорлығына бермейміз.

Өлер жерден кеттік біз.

Бұл заманға жеттік біз.

Жасайды Алаш, өлмейміз

Жасасын «Алаш», жасасын!

1-жүргізуші :

Алаштың осы біртуар ұлдарының бұратана халық болмаймыз, өз алдымызға тәуелсіз ел боламыз деп қазақ елі, қазақ жастарына қалдырған өсиеттері өз иесіне енді-енді ғана жетіп жатыр.

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!

Шын бақытқа жеткізетін жол да ұзақ.

Алашағың аз ба мына дүниеден,

Болашағың емес пе еді зор, ғажап?!

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ! Бол, қазақ!

Сілкінші бір қанатыңды қомдап ап!

Ауырыңды арқала да, алға бас,

Бауырыңмен не көрінді жорғалап?!

2-жүргізуші:

Мен қазақпын, сен қазақсың, ол қазақ,

Ер мінезбен өр рухқа болма жат.

Ортасына жалғыз орыс кіргенде,

Орыс тілде шүлдірлейді он қазақ.

Ақылымыз ашып бітті айран боп.

Қамқор Алла сақтамаса біздерді,

Қайран жұртта өзін қорғар қайран жоқ.

Оян, қазақ! Ойлан, қазақ!...

/Оқырман күй орындайды/

1-жүргізуші:

«Қыз байғұс қолға түске сандуғаштай,
Торында өмірі өтер кілтін ашпай.
Сатады мал көп берген кісі болса,
Кетеді жылап сорлы қарсыласпай..-деген Міржақып ағамыздың
Бас бостандығы жолында белсеніп әрекетке шыққан қыздың тағдыры
көрсетілетін «Бақытсыз Жамал» романы туралы монологты
назарларыңызға ұсынамыз.

Оқырман:

Мен қайран атам малға сатқанына,
Бір тазды жалпақ елден тапқанына.
Аты өшіп, тумай кеткір Жұман деген
Мал беріп мені өзімсіп жатқанына.
Сөйле, тілім, шешіліп осындайда,
Құрбыларымен бір жерге қосылғанда.
Отырмассың үнемі төрде бүйтіп,
Еріксіз-ақ қоярсың тосылғанда
Бір сенсің ғашық отын сөндіретін,
Кім бізді ықтиярсыз көндіретін.
Өлсек шұқыр бір болсын, шықсақ төбе,
Айырмалық болса да өлтіретін.
Бір алла жалғыз өзі болсын айғақ,
Тұралық уағданы бекем байлап,
Сен үшін бір басымды еттім құрбан,
Шынжырлап жіберсе де Сібірге айдап.

1-жүргізуші:

Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған,
Сахара көлге қонып салқындаған.
Бір өртке қаудан шыққан душар болып,
Не қалды тәнімізде шарпылмаған?! – деп Міржақып ағамыздың сөзімен
қорытындылай келе, «Оян қазақ!» әнімен кешімізді аяқтаймыз.


/Ән орындалады/

Соңы.



МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫ

1



Міржақып Дулатұлы туралы мақалалар баспасөз беттерінде:

1. Нұрпейісов К.

Міржақып Дулатовты зерттеуші – жапон ғалымы [Мәтін] / К. Нұрпейісов // Қазақ әдебиеті. – 1993. - №51. – 6 бет.

2. Сыздықова Р.

Міржақып Дулатовтың сөздігі [Мәтін] / Р. Сыздықова // Қазақ әдебиеті. – 1993. – 27 тамыз. – 14 бет.

3. Бисенғалиев З.

Қазақ прозасы және «Бақытсыз Жамал» романы: Міржақып Дулатов [Мәтін] / З. Бисенғалиева // Қазақ әдебиеті. – 1993. - №54. – 5 бет.

4. Сәрсекеев М.

М. Дулатовқа кепіл болған азамат: редакцияға хат [Мәтін] / Медеу Сәрсекеев // Қазақ әдебиеті. – 1994. - №8. – 15 бет.

5. Сәрсенбаев Әбу.

Ардагерісің мәңгі алаштың [Мәтін] : [Міржақып аға рухымен сырласу : өлеңдер] / Әбу Сәрсенбаев // Егемен Қазақстан. – 1995. – 26 қаңтар. – 3 бет.

6. Әбсемет М.

Міржақыптың ақындық шеберлігі [Мәтін]: [Міржақып Дулатов - 110] / М. Әбсемет // Қазақ әдебиеті. – 26 қыркүйек.

7. Міржақып Дулатұлы – тұңғыш қазақ библиографы [Мәтін]: [Кітапта]. – Алматы: Қазақстан. – 1993. – 81-90 бет.

8. Әбсемет М.

Міржақыптың аудармалары [Мәтін]: [Міржақып Дулатовтың туғанына 110 жыл] / М. Әбсемет // Жас Алаш. – 1995. – 12 қазан. – 3 бет.

9. Әлім Қайсар

Міржақып мұражайы [Мәтін] : [М. Дулатов – 110 жыл] / Қайсар Әлім // Егемен Қазақстан. – 1995. – 27 қазан. – 3 бет.

10. Тұрғынбеков С.

Атылып кеткен арыстар: [Мәтін]: [Шәкәрім, Ахмет, Міржақып, Мағжандарға арналған өлеңдер] /Серік Тұрғынбеков//Ана тілі. – 1996. - №9. – 7 бет.

11.Ақшолақов Т.

Елім деп ерте оянып [Мәтін]: [Міржақып Дулатов – қазақ әдебиетінің асқарында тұрған үздік тұлға] / Т.Ақшолақов // Егемен Қазақстан. – 1996. – 1 шілде. – 4 бет.

12.Сәрсенбекова А.

Міржақыппен кездескен адам [Мәтін]: [М.Дулатовпен кездесіп, тілдескен Жүмекең ақсақал 93 жаста]/А.Сәрсенбекова // Ана тілі. – 1996. - №20. – 7 бет.

13.Кәкішұлы Т.

«Оян, қазақ!» қалай қуғындалды? [Мәтін]: [Деректер] / Т.Кәкішұлы // Егемен Қазақстан. – 2005. – 7 қыркүйек. – 3 бет.

14.Атабаев Қаңтар.

«Қазақта бұлар теңдес бар ма шешен...» [Мәтін]: [М.Дулатұлының еңбектеріне талдау] / Қаңтар Атабаев // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 7 шілде. – 14 бет.

15.Ысмағұлов Жұмағали

Міржақып [Мәтін]: [Алаш ардақтысы М.Дулатов туралы] / Жұмағали Ысмағұлов // Егемен Қазақстан. – 2007. – 19 маусым. – 6 бет.

16.Әлім Қайсар

Жасындай жарқыл [Мәтін]: [Міржақып Дулатұлының жетінші атасы – Мадияр туралы]/Қайсар Әлім//Қазақ әдебиеті. – 2010. – 5 қыркүйек. – 8 бет.

Мекен жайымыз:

Н. Оңдасынов көшесі, 2
Аудандық орталық кітапхана
Сымтетік: 77-5-78

Электронды пошта: Otrar_kitap@mail.ru